

Жұмысты орындау реті:

Бюреткалардың біріне беттік керілу коэффициенті мен меншікті салмағы белгілі сұйық (су) құйылады.

Екінші бюреткаға зерттелетін сұйық құйылады. Сұйықты баяу тамшылата ағызып, белгілі бір көлемге сәйкес тамшы санын санап аламыз (мұны алдымен белгілі сұйық үшін, сонан соң екінші белгісіз сұйық үшін жасау қажет).

Тәжірибені әрбір сұйық үшін, 5 реттен қайталаймыз.

n_1 мен n_2 –нің орташа мәндерін және кестеден d_1 мен d_2 мөлшерін тауып (6)-формула бойынша беттік керілу коэффициентін есептейміз. Δn_1 мен Δn_2 –орташа абсолютті қателерді анықтай отырып орташа абсолюттік қате $\Delta \sigma$ мен орташа салыстырмалы қатені-е анықтау қажет.

$$\varepsilon = \frac{\Delta \sigma}{\bar{\sigma}} \cdot 100\%$$

Бұл жұмысты жасау үстінде есептеу формулаларына қажетті тұрақтылар мен сан мәндерді қосымшадағы кестелерді пайдалана отырып табамыз.

Өлшеу нәтижелерін төмендегі 1-кестеге жазамыз:

1- кесте

N	n_1	n_2	Δn_1	Δn_2	$\sigma_1, \text{Н/м}$	$\sigma_2, \text{Н/м}$	$\Delta \sigma / \sigma \cdot 100\%$
Орта Мәні							